

3-апта

№ 5-6 Дәріс тақырыбы Грамматикалық тәсілдер

1. Грамматикалық мағынаны берудің семантикалық тәсілі
2. Грамматикалық мағынаны берудің синтетикалық тәсілі
3. Грамматикалық мағынаны берудің аналитикалық тәсілі

1. Грамматикалық мағынаны білдірудің тәсілдері мен сол тәсілдердің ішкі жолдары/амалдары бар. Қазақ тілі зерттеулерінде негізінен екі тәсіл, кейбір зерттеулерде (С.Исаев) үш тәсіл көрсетіледі. Олар: семантикалық, синтетикалық, аналитикалық тәсілдер. Айта кетуім керек, ғалымдардың барлығы бірдей семантикалық тәсілді көрсете бермейді. Мысалы, Ә.Хасенов екі тәсілін ғана көрсеткен: синтетикалық және аналитикалық.

Грамматикалық мағынаны білдірудің бірінші тәсілі – **семантикалық тәсіл**. Сөздің лексикалық мағынасының абстракциялануы нәтижесінде пайда болатын жалпы грамматикалық мағынаның берілу тәсілі. Семантикаға негізделетіндіктен, сыртқы тұлғалық көрсеткіші болмайды. Мысалы: *Жаяу келемін*. – сөйлемінде *келемін* сөзінің лексикалық мағынасы “нақты келу қимылы” болса, сол лексикалық мағынасының жалпылануы нәтижесінде пайда болған грамматикалық мағынасы – жалпы қимыл мағынасы. Осы жалпы қимылдық мағына семантикалық тәсіл арқылы беріліп тұр.

Семантикалық тәсіл қазақ тіліндегі сөздерді топтастырудың семантикалық принципімен сәйкес келеді. Мысалы: *Босқанда ел-жұрт боздаған, Ескі әнді шеше қозғама! Адалмын деп, араммын деп айта алман, Адалдықпен бірге ойладым, бір күлдім* (М.Мақатаев). Мысалдардағы сөздер жалпы грамматикалық мағыналарының ортақтығы бойынша бір-бірімен топтасады: 1) ел-жұрт, ән, шеше, адалдық - жалпы зат атаулары; 2) босқанда, боздаған, қозғама, айта алман, ойладым, күлдім – жалпы қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер; 3) ескі, адал, арам – жалпы сындық мағынаны білдіретін сөздер (контексте заттанып тұр) 4) бірге, бір – қимыл, іс-әрекеттің амалын білдіретін сөздер.

Демек, сөздер лексикалық мағыналарының абстракциялануы негізінде белгілі бір ортақ грамматикалық қасиет-белгілерге ие болып, соның негізінде белгілі бір грамматикалық топқа бірігеді. Тілде сөздер заттық ұғымды білдіретін сөздер (зат есім), қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөздер (етістік), заттың түрлі сапа, белгісін, қасиетін білдіретін сөздер (сын есім), заттың санын білдіретін сөздер (сан есім), қимылдың, іс-әрекеттің амалын, мақсатын, мезгілін, мекенін т.б. білдіретін сөздер (үстеу), орынбасар сөздер, яғни осы көрсетілген сөздердің орнына жүретін сөздер (есімдік) деп топтастырылады.

2. Грамматикалық мағынаны білдірудің синтетикалық тәсілін Ә.Хасенов сөздің өз ішінде болатындығына назар аудартады. “Синтетикалық тәсілдер дегеніміз – сөздің грамматикалық мағынасының сөздің өз ішінде қолданылған амалдар арқылы білдірілуі” (1996, 231-б). **Синтетикалық тәсілдің** ішкі берілу жолдары бар. Оған *аффикстік (қосымшалардың жалғануы), префикстердің қосылуы, ішкі флекция, екпін, супплетивті* жолдарын жатқызады. Ә.Хасенов бұған қоса редупликация, біріктіру амалдарын қосады, сөздерді қосарлап, қосарлау, қайталауды редупликация деп синтетикалық тәсілдің ішінде қарайды. Осының ішінде түркі тілдерінде қосымшалар жалғану арқылы грамматикалық мағыналардың берілуі өнімді жолы болып табылады. Жалғаулардың жалғануы сөзге түрлі грамматикалық мағыналар үстейді: көптік жалғау - көптік мағына, тәуелдік жалғаулары - тәуелдік мағына, жақтық мағыналар, жіктік жалғаулары арқылы жақтық, жекеше-көптік мағыналар; септік жалғаулары арқылы қимылдың, іс-әрекеттің иесі, меншіктілік, тура және жанама объектілік, мезгіл, мекен, бағыт, құралдық, амалдық т.б. мағыналар беріледі. Шырай жұрнақтары арқылы біртектес сынның салыстырмалы немесе күшейтпелі сипаты, етіс жұрнақтары арқылы қимыл, іс-әрекеттің субъекті мен объекті арасындағы түрлі қатынастары беріледі; болымсыз етістік жұрнақтары арқылы қимылдың болмауы, іс-әрекеттің орындалмауы; шақ жұрнақтары арқылы қимыл, іс-әрекеттің осы мезгілден бұрын,

не нақ осы мезгілде немесе осы мезгілден кейін орындалатынын білдіреді. Жоғарыда келтірген сөйлемдегі **ойладым** сөзінде синтетикалық тәсілмен берілген грамматикалық мағыналарға қарайық: -ды –іс-әрекеттің өткен мезгілге қатысты екенін білдіреді (бұл - шақтық мағына, оның ішінде жедел өткен шақтық мағына), -м - іс-әрекеттің бірінші жаққа қатысты екенін білдіреді (бұл - жақтық мағына). (бұл жайлы толық Ә.Хасеновтен 233-239).

Префикс – түркі тілдеріне тән емес, орыс тілінде бар жол. Пришел – префикс грамматикалық мағынаны өзгертеді, яғни келді, зашел – келіп кетті, перешел – өтіп кетті. С.Исаев қазақ тілінде префикс деп айтылатын *бей* мен *би* префикстер емес, олар кірме сөздердің құрамына еніп кеткен дейді. Дегенмен *бейресми* сияқты кейінгі жасалып жатқан сөздер бар, тіпті *бейкүнә* сөзінде «күнәсіз» деген, бей сөзге болымсыздық мағына қосатынын жоққа шығара алмаймыз.

Ішкі флекция. Ә.Хасенов **дыбыстардың алмасуы** деп атайды, – түбірдің құрамының өзгерісі арқылы грамматикалық мағыналардың берілу жолы. Атауында тұрғандай түбірдің ішінен кірігіп орын алады. Флекция жалғау деген сөз. Бұл жолы да қазақ тілінде жоқ. Араб, орыс, ағылшын, неміс, эстон тілдерінде бар: собирать (жинау), собрать (жинап алу), выбирать-выбрать (вид категориясы; бірінші сөздерде несовершенный, екінші сөздерде – совершенный вид), *foot* (нога) — *feet* (ноги) (бұл жайлы толық Ә.Хасеновтен 239-243)

Екпін (сөз екпіні) – қазақ тілінде екпін өздің грамматикалық мағынасына әсер ете ме? Ә.Хасенов алма-алма, бөлме-бөлме сөздеріндегі екпіннің әрқелкі түсуі алғашқы сөздердің зат есім, соңғылардың етістіктің болымсыз түрі екенін білдіреді дейді (229). Орыс тілінде: дома (үйдің) - дома (үйлер) замок-қорған, замок-құлып (жалпы бұл грамматикалық мағынаға әсері ме, әлде лексикалық мағынаға әсері ме? Күмәнді)

Екпінге қатысты пікірлер. Ә.Хасенов «қазақ тілінде негізгі екпін сөз түбірінің соңғы буынына түседі, сондықтан қазақ тілінде екпін – грамматикалық мағына білдірудің өнімді тәсілі емес» (1996, 252-253).

Дегенмен *Базарда алма көп. Алманы көп алма! Алма омофонының жасалуына себеп – грамматикалық екпін тәсілі* (253)

Еркеш студент бүгін келеді. Студент Еркеш бүгін келеді. Еркеш – студент (интонация қабаттасып). – ой екпіні үстеме грамматикалық мағына туғызып тұр (253).

Супплетивті жолы да жоқ. Орыс тілінде хороший (жақсы) - лучше (өте жақсы), много (көп) – больше (көбірек) сөзімен берілсе, көпше түрі. Ағылшын тілінде де good and best. (бұл жайлы толық Ә.Хасеновтен 1996, 243-245)

2. Грамматикалық мағынаны берудің келесі тәсілі – **аналитикалық тәсіл**. Синтетикалық тәсілдің сөздің өз ішінде орын алатынын айтқан Ә.Хасенов аналитикалық тәсілдің сөзден тыс қолданылатын амалдар арқылы берілетінін ерекшелейді: «Аналитикалық тәсілдер дегеніміз – сөздің грамматикалық мағынасының сөздің өз ішінде емес, сол сөзден тыс қолданылатын амалдар арқылы білдірілуі» (231). Мұның ішкі жолдары: тіркесу, қосарлау, орын тәртібі, Ә.Хасеновте: сөздердің орын тәртібі тәсілі, көмекші сөзден тәсілі, интонация тәсілі). Барлық жолдары қазақ тілінде кездеседі. *үйге дейін барды* сөз тіркесін бір ғалымдар аналитикалық тәсілге жатқызса, біреулері аналитикалық-синтетикалық тәсілге жатқызады.

Сөздердің тіркесуі: **екі түбір зат есімдердің тіркесуі** арқылы қатыстық сындық мағынаның білдіреді: былғары доп, алтын сағат, жібек орамал.

Негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесуі кеңінен кездеседі: *негізгі сөздер мен шылаулардың тіркесуі*: ермек үшін – мақсат, телефон арқылы – амал, жұмыстан кейін – мезгіл т.т. демеулік шылаулар арқылы: күшейту: сен де бір ..., сені ғана ертемін – шектік т.т.; *негізгі сөздерге көмекші сөздердің тіркесуі*: үйдің алды, ауыл маңы т.т.; *негізгі етістіктерге көмекші етістіктердің тіркесуі*: алып кет, жүгіріп кел, отыра қал т.т. (А.Ысқақов).

Негізгі сөздерге көмекші сөздердің тіркесуі:

- Зат есімге көмекші есімдердің тіркесуі: түн ортасы, үй алды, үстелдің үсті т.т.

- Негізгі сөздер мен шылаулардың тіркесуі: мектепке шейін, түске таман т.т.
- Негізгі етістіктерге көмекші етістіктердің тіркесуі: алып кел, айтып сал, қарай сал т.т.

Негізгі етістіктерге көмекші етістіктердің тіркесуі. Көмекші етістіктер 30 шақты.

1) Ы.Маманов (1966) күрделі етістіктер 4 түрлі:

- Кесімді күрделі етістік: -п формалы негізгі етістікке көмекші етістіктің тіркесуі: алып кел, қуып кел, ішіп жібер т.т.
- Босаң күрделі етістік: -а, -е, й көсемшелі негізгі етістікке көмекші етістіктің тіркесуі: ала келу, айта бару, айта салу т.т.
- Бейімдік күрделі етістік: мақсатты көсемшеің отыр, тұр, жатыр, жүр көмекші етістіктерімен тіркесуі: *жазғалы отыр, қайтқалы жатқан, құлағалы тұр* т.т.
- Қалау мәнді күрделі етістік: негізгі етістік –ғы/-гі, -қы/-кі формантты қимыл есімі тәуелді түрінде келеді де, көмекші *кел* етістігімен тіркеседі: *барғым келеді, келгің келеді, айтқысы келіп отыр* т.т.

А.Ысқақов (1991) аналитикалық форманттар (254-259).

- **-п ал**: субъект өзге істі қоя тұрып я басқа іске көшпей тұрып осы әрекетті әуелі өзі үшін жүзеге асырып алуды қалайтындай мән жамайды: *көріп алды, сытырып алды, жазып алды* т.т.
- **-й ал**: сол амалды жүзеге асыру я орындау мүмкіндігін (бар, жоқ) білдірерліктей реңк жамайды: *шыдай алған екен, бітіре аласың ба, шыға алмадым*. (18 аналитикалық форманттың грамматикалық мағыналарын береді).

А.Ысқақов қалып етістіктерінің көмекшілік қызметтегі грамматикалық мағыналарын (259-265)

- *Бол, ем, қыл* етістіктерінің көмекшілік қызметін (265-267);
- *Де* етістігінің (267-273) грамматикалық мағыналарын талдайды.

Септеулік шылаулардың тіркесуі: ермек үшін – мақсат, телефон арқылы – амал, жұмыстан кейін – мезгіл т.т. Демеулік шылаулар арқылы: күшейту: сен де бір, сені ғана ертемін – шектік, сұрау мағынасы – барасың ба? т.т.

Сөздердің қосарлануы арқылы жалпылық, көптік, қайталану (редупликация) арқылы көптік, дүркінділік, күшейткіш сын т.т. мағыналар беріледі. Қап-қап астық тасылды, сөйлей-сөйлей шешен боласың (дүркінділік), үп-үлкен тасты сүйреді.

Сөздердің орын тәртібі де грамматикалық мағынаны берудің жолы ретінде қарастырылады. Зерттеушілер сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің өзгеруін жатқызады. Қалта сағат – сағат қалта, көз әйнек – әйнек көз, профессор Мақпал-Мақпал профессор (әрі орын тәртібі, әрі интонация дейді Ә.Хасенов). (грамматикалық мағына ма?)

Сөздердің сөйлемдегі орны олардың мағыналары мен қызметтеріне әсер етеді. Мысалы: *Жақсы жол – елге жора (М.Әуезов). Мәжіліс жақсы өтті, жаңа пікірлер айтылды (Ғ.Мұстафин)*. Сөйлемдегі *жақсы жол, жақсы өтті* қолданыстарында *жақсы* сөзінің қызметі сөзбен тіркесуі тұрғысынан анықталады, орындарының ауысуы грамматикалық мағыналары мен қызметтерін де өзгертеді.

Аталған үш тәсілден басқа зерттеулерде **аралас тәсіл** көрсетіледі. Аралас тәсіл грамматикалық мағынаның бір сөзде бірнеше тәсілмен білдірілуі. Ә.Хасеновтің түсіндіруінде, *біз оқыдық* дегенде жіктеу есімдігі мен жіктік жалғау (-қ) флекциясы қатарласып, тіркесе қолданылып тұр. *Ұлттық-азаттық көтерілістің бағасы берілді*.

Қазақ тілінде грамматикалық мағынаның аналитикалық тәсілмен берілуі жайлы пікірлерді жинақтай келе, мынаны көруге болады:

1) К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» (1972) еңбегінде аналитикалық тәсіл қосарлану тәсілі, бірігу тәсілі ретінде жеке-жеке берілген.

2) Ә.Хасенов (1996) редупликацияны латынның «қосарлау, қосарлану» деген сөзі дей келе, оны синтетикалық тәсілдің бірі деп көрсетеді. Мысалдары: *қып-қызыл, айтып-айтып*

салды. Грамматикалық мағыналары: жинақтылық, болжалдық, даралау, жіктеу, күшейту (245-246)

2) А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» морфология (1975, 1991) еңбегінде дербес сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі, күшейткіш сөздер мен күшейткіш буындар, қайталау (қосарлау), шылаулардың селбесуі, дауыс ырғағы болып берілсе,

3) С.Исаев (1998) еңбегінде аналитикалық тәсіл грамматикалық мағынаның берілуінде үшінші жолы ретінде жинақтай берілген. Ол өз ішінде негізгі сөздердің тіркесуі, негіз сөз бен көмекші сөздің тіркесуі, сөздердің қосарлануы, үстеме буынның қосылуын қамтиды.

Модаль сөздер ше?

Грамматикалық мағынаны білдіру тәсілдері. (студенттер өздері толықтырып қарайды). Семантикалық, синтетикалық және аналитикалық тәсілдер бар. Олардың өз ішінде берілу жолдары бар. (К.Аханов. Грамматика теориясының негіздері. 2010, 9-176б.)

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1996.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқу құралы / К. Аханов. - Алматы: Өлке, 2010. - 240 б.
3. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1954.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. –Алматы,1967
5. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. –Алматы,1975.
6. Ысқақов А. Қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 1992
7. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
8. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы, 2007.
9. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998